

**Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-логопеді Абдрахманова Г.Б
рефлексиялық есебі**

Педагог-логопедтің 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы логопедиялық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында мектеп логопедінің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары толтырылды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

1-15 қыркүйек аралығында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға кешенді логопедиялық диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде педагог-логопедтің түзете-дамыту сабақтарына 10 бала тіркеуге алынды.

ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес 10 оқушы және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыға логопедиялық диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды.

ЖСТД 2,3-деңгейімен- 6 оқушы, жазу мен оқудың бұзылуы-4

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар алынды, оқушылардың коммуникативті паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқыланды.

ПМПК қорытындысы және логопедиялық диагностика нәтижесінде 10 білім алушыға жеке дамыту бағдарламалары әзірленді.

Оқушыларды логопедиялық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Білім алушыларға жеке бағдарламалар мен жеке оқыту бағдарламаларын іске асырудың сәттілігін динамикалық байқау мақсатында оқу жылының басында, бірінші жартыжылдықтан кейін және жылдың соңында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары толтырылды.

Оқу жылының соңында оқушылар саны – 10, сабақты жалғастыруға қалдырылған оқушылар саны – 9, шығарылған оқушы саны- 1. Басқа жаққа кеткен, арнайы мектепке жіберілген білім алушылар жоқ.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2021-2022 оқу жылында ата-аналарға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

Оқу жылының басында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына жеке кеңестер беріліп, білім алушылардың тілдік қорытындылары таныстырылды. Логопедиялық үй тапсырмаларының маңызы түсіндірілді.

Логопедтің ата-аналармен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Сөйлеу туралы жалпы ұғым» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: ата-аналар балаларымен көп қарым-қатынас жасауда балалардың ойлау қабілеттерін, сана-сезімдерін, тілдік қорларын, қоршаған ортамен байланысын қалыптастырады. Балалардың сөйлей бастаған кездерінен бастап олардың дұрыс, анық, дәл сөйлей алуына ерекше көңіл бөлу қажет. Сөйлеу түрлеріне тоқталып, түсінік беру.

«Бастауыш сынып оқушыларын дұрыс оқуға машықтандырудың тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында ата-аналарға кеңес берілді. Барлығы 13 ата-ана қатысты.

Мақсаты: Ата-аналарға дұрыс оқу бұзылыстарын түзетудің қарапайым әдіс-тәсілдерін меңгерту. Оқытуда тиімділікке жетудің көптеген әдістерінен ақпарат беру.

«Артикуляциялық жаттығулар- сөйлеу тілін түзетудің басты құралы» тақырыбында кеңестер берілді.

Мақсаты: Артықушылық жаттығулар жасау арқылы тіл артықушысының дұрыс айтуына, дұрыс сөйлеуіне тікелей әсер етуін түсіндіру. Бұл жаттығуларды орындағанда әр бала өзінің сөйлеу мүшелерінің жұмысын бақымай алу үшін міндетті түрде айна қолданудың маңызы зор екендігін түсіндіру.

2021-2022 оқу жылында мектеп мұғалімдеріне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кенесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кенестер берілді.

Педагог-логопедтің мектеп мұғалімдерімен жүргізетін жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Ойын арқылы балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын дамыту жолдары» тақырыбында кенестер берілді.

Мақсаты: Ойын арқылы оқушылардың ақыл-ойын, сөздік қорларын, зейінін дамыту. Ойын жаттығулары арқылы балалардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру. Ойын түрлерінен ақпарат беру.

«Бастауыш сынып оқушыларының көркем жазу дағдыларын дамыту» тақырыбында кенес берілді.

Мақсаты: Оқушыларға әр түрлі тапсырмалар беру арқылы ой-өрістерін, сөздік қорларын, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.

Кенестің соңында бастауыш сынып мұғалімдеріне тақырып бойынша тапсырмалар жинағы берілді.

Өзін-өзі дамыту

Халықаралық Академия «Педагогтар мен психологтардың ерте дамыту қауымдастығынан» «Кәсіпкер логопед» атты толық, кәсіби логопедиялық 80 академиялық сағат көлемінде оқыту курсынан өттім.

Логопед:

Г. Абдрахманова

Логопедтің есебі

Логотүзету		Жалпы оқушы санына шаққандағы пайызы	
Логотүзетуге мұқтаж	Бала саны		
	2 бала-0 сынып	16,6	
	2 бала-1-ші сынып	8,7	
	1 бала-2ші сынып 3 бала-3ші сынып 2- бала-5-ші сынып	5 20 10,5	
Қамтылды, барлығы	Бала саны	Мұқтаж оқушы санына шаққандағы пайызы	
	2 бала-0 сынып	100	
	2 бала-1-ші сынып	100	
	1 бала-2ші сынып 3 бала-3ші сынып 2- бала-5-ші сынып	100 100 100	
	Қамтылмады, барлығы	Бала саны	Мұқтаж оқушы санына шаққандағы пайызы
	0	0	
Ауызекі тілді бастапқы және қорытынды мониторингтеу нәтижелері			
Бастапқы мониторинг	Қорытынды мониторинг	Қиындықтар	Шешу жолдары
2021-2022 оқу жылында мектепшілік логопедке бақылау жұмысының қорытындысымен 10 бала тіркеуге алынды. Әр балаға диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды. Әр балаға жеке жұмыс жоспары құрылды. Түзету жұмыстары жеке және	Оқу жылының басында оқушыларымен диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде ауызша және жазбаша тіл дамуында кемшіліктері бар балаларға түзету жұмыстары жүргізілді. Түзету жұмыстары жеке және топпен ұйымдастырылды. Сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілінің бұзылуын анықтап, түзету-дамыту жұмыстары	Тілдің дыбыстық жағын зерттеу: дыбысты айтуы мен фонематикалық процесс бұзылуы, сөзден дыбысты ажырата алмайды, сөздің қай дыбыспен аяқталғанын, сөздегі дыбыстар реттілігін анықтай алмайды, белгілі дыбысқа сөз	Түзету жұмыстарын топпен және жеке сабақтарда өткізуді жалғастыру. Осындай сабақ әдістемесінің негізін көрнекі және ойын тәсілдерімен, тілдік-естілімдік қабылдауы мен фонетикалық қызметін, артикуляциялық моториканы, мимикалық бұлшық етті, сенсорлық қызметті, интеллектуалдық қызметті дамытуға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалармен үйлескен кешенді-тақырыптық әдіс қолдану.

<p>топпен құрылды.. Логопедтің жылдық жұмыс жоспары, Мұғалімдер мен ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналы бекітілді.</p>	<p>жүргізілді. Тілдің грамматикалық құрылымын арттыра отырып сөздік қорларын молайту. Ойлау, есте сақтау, есту қабілеттерін дамыта отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға және өзін-өзі қадағалауға дағдыландыру. Дыбыстарды буында, сөзде дұрыс айтуға машықтандыру арқылы сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, бейнелі суреттер бойынша тілдің грамматикалық құрылымын дамытуға ықпал жасалынды. Артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуларын, мимикалық, сергіту сәттерінің дұрыс орындалуын қалыптастырылды.</p>	<p>таңдауда қиналады.</p> <p>Лексикалық қор: балалардың сөздік қорының аздығы, сөздердің, көп лексикалық тақырыптың мағынасын білмейді, антоним мен синонимді табуда қиналады, сөз құру мен өзгертудің практикалық дағдыларын нашар меңгергендері.</p> <p>Грамматикалық қатардың қалыптасуы: сөйлемдегі сөздің дұрыс ұйқастыра алмайды, зат есімдер мен сын есімдерге жалғау мен жұрнақ жалғауда қиналады, сөз таптарына жалғау жалғағанда шатастырады,</p>	
---	---	---	--

Диагностика нәтижесі бойынша тілінің мүкісі бар оқушы саны

	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы II-III деңгей	Жазу мен оқудың бұзылуы
Анықталды:	6	4
Шығарылды:	1	
Сабақты жалғастыруға қалдырылды:	5	4